

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БАЙЛАНЫС МИНИСТРЛІГІ ЖАНЫНДА ТЕЛЕКОММУНИКАЦИЯ ЖӨНІНДЕГІ ВЕДОМСТВОАРАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТЕК КОМИССИЯ ҚҰРУ ТУРАЛЫ

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1994 жылғы 7 қантар N 37. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1994.12.15. N 1412. қаулысымен.

Республиканың бірегей автоматтандырылған телекоммуникациялық торабын дамытуды жүзеге асыру жұмыстарын реттеу мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Байланыс министрлігі жанынан телекоммуникация саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыруға және телекоммуникация құралдары мен тораптарын стандарттау саласында Қазақстан Республикасының мұддесін халықаралық-құқықтық тұрғыдан қорғауды қамтамасыз етуге негізделген Телекоммуникация жөніндегі ведомствоаралық мемлекеттік комиссия құрылсын.

2. Қазақстан Республикасының Байланыс министрлігі жанындағы Телекоммуникация жөніндегі ведомствоаралық мемлекеттік комиссияның жұмыс аппаратының саны 5 адам болып, еңбекақы төлеу қоры Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Қазақстан Республикасының Байланыс министрлігі жанында Радиожиілік жөніндегі мемлекеттік комиссия құру туралы" 1992 жылғы 16 қазандағы N 875 қаулысында Радиожиілік жөніндегі мемлекеттік комиссияның жұмыс аппараты үшін бекітілген көлемде белгіленсін.

Қазақстан Республикасының Байланыс министрлігі жанындағы Телекоммуникация жөніндегі ведомствоаралық мемлекеттік комиссияның аппараты қызметкерлері үшін Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволарының орталық аппараты қызметкерлерінің лауазымдық жалақылары бекітілген Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 27 қазандағы N 1068 қаулысы (N 2 кесте) қолданылсын.

3. Осыған қосылған Қазақстан Республикасының Байланыс министрлігі жанындағы Телекоммуникация жөніндегі ведомствоаралық мемлекеттік комиссия туралы Ереже бекітілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министр

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1994 жылғы 7 қаңтардағы
N 37 қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасының Байланыс министрлігі
жанындағы Телекоммуникация жөніндегі ведомствоаралық
мемлекеттік комиссиясы туралы
ЕРЕЖЕ

1. Қазақстан Республикасының Байланыс министрлігі жанындағы Телекоммуникация жөніндегі ведомствоаралық мемлекеттік комиссия Қазақстан Республикасының өзара байланысқан телекоммуникациялық тораптарын, мемлекеттік және басқа да байланыс тораптарын дамыту мен жетілдіру жөніндегі жұмыстарды үйлестіруші Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару органы болып табылады <*> .

Ескерту. <*> Мұнан әрі тексте-Телекоммуникация жөніндегі комиссия.

2. Телекоммуникация жөніндегі мемлекеттік комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын және Зандарын, Қазақстан Республикасы Президентінің қаулылары мен өкімдерін, Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің өкімдерін, сондай-ақ осы Ереже мен Қазақстан Республикасы Байланыс министрлігінің нормативтік актілерін басшылыққа алады.

3. Телекоммуникация жөніндегі комиссияның негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

телекоммуникациялық тораптардың дамуын, жетілдірілуін және экономикалық құрылышын үйлестіруді жүзеге асыру және олардың жұмысының

сенімділігі мен тұрақтылығын арттыру;

телекоммуникация тораптарын дамыту мен жетілдіру жөніндегі мемлекеттік бағдарламалардың орындалуын үйымдастыру, сондай-ақ салааралық бағдарламаларды жүзеге асыру жөніндегі жұмыстарды үйлестіру;

жұмыс жасап жатқан және жаңадан құрылатын байланыс тораптарының өзара іс-шаралары жөніндегі үйымдық-техникалық шараларды қамтамасыз ету;

байланыстың техникалық құралдарын әзірлеу жөніндегі жұмыстарды үйымдастыру және орталықтандырылған басқару мүмкіндігі бар телекоммуникациялық тораптар құрылышы.

4. Телекоммуникация жөніндегі комиссия:

республика телекоммуникация тораптарының негізгі даму бағыттарын, олардың құрылышы мен жұмыс істеу принциптерін айқындауды, сондай-ақ бұл мәселелер жөнінде нормативтік актілер қабылдайды;

Қазақстан Республикасында байланысты дамытудың мақсатты мемлекеттік бағдарламаларының жобасын әзірлеуді үйлестіреді;

әзірленіп жатқан салалық, аумақтық, ведомстволық байланыс тораптарының мақсатты жобалары мен негізгі бағыттарына сараптама жасайды;

байланыс тораптарын жобалауға және олардың құрылышына арналған тапсырмаларды, сондай-ақ шарт негізінде телекоммуникация тораптарындағы бос орындарды пайдалануға келісіп отырады;

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Ішкі істер министрлігі байланыс тораптарын жобалау мен құрылышына тапсырмаларды тек олардың телекоммуникациялық тораптарымен өзара байланыс бөлімі бойынша ұсынады;

телекоммуникация тораптарын пайдаланушылармен пайдалану-техникалық басқару бойынша өзара қарым-қатынас мәселелерін келіседі.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне телекоммуникация техникалық құралдарын әзірлеу, өндіру және шетелден сатып алу мәселелері бойынша енгізілетін ұсыныстарға қорытынды дайындауды, оларды жасауға байланысты ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың техникалық тапсырмаларын келісіп отырады, байланыс тораптарында пайдалану үшін телекоммуникацияның жаңа техникаларын қабылдау үшін ведомствоаралық комиссия жұмысына қатысады;

байланыс пен қызмет түрлерін болашакта жаңаша дамыту саласында техникалық саясат қалыптастыру жөніндегі зерттеу жүргізе жұмыстарын үйлестіреді;

байланыс тораптарының каналдары мен желілеріндегі жабдықтар атауларының тізбесін және қолдану мен ұстануға тиісті бірегей техникалық нормаларды бекітеді;

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетпен бірлесе отырып стандарттаудың кешенді бағдарламалары мен байланыс тораптарының мемлекеттік стандарттарына ведомстводан тыс бейтарап сараптама жүргізуге қатынасады; келісілген номенклатураға сәйкес телекоммуникация құрал-жабдықтарының сертификациялық сынақ нәтижелерін қарап, тораптарда пайдаланылатын аппараттармен байланыс кабельдерінің әлемдік деңгейге сәйкестігіне баға береді;

тапсырыс берушінің өкілі қабылдауға тиісті телекоммуникацияның негізгі жабдықтары мен оны жасауға байланысты маңызды ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар тізбесін келіседі;

ақпараттарды қорғау құралдары мен байланыс тораптары техникалық құралдарының тоғысу мәселелерін үйлестіреді;

Халықаралық электр байланысы одағының жұмыстарына қатынасу жөніндегі мемлекеттік ұйымдардың іс-шараларын үйлестіреді, осы Одақ ұйымдастыратын конференцияларға, жиналыстарға қатынасады, телекоммуникация тораптарының параметрлерін және техникалық құралдарын пайдалану мен стандарттау мәселелері жөніндегі Халықаралық электр байланысы ұйымының алдына қою үшін дайындалатын ұсыныстарды қарастырады.

5. Телекоммуникация жөніндегі комиссияның мыналарға құқығы бар:
мемлекеттік органдар мен бірлестіктерден комиссия құзырына кіретін қажетті ақпараттар бойынша сұраныс жасауға;

Комиссия мүшелерінің мәжілістерінде оның құрамына кірмейтін министрліктер мен ведомстволардың жауапты өкілдерін тындауға;

байланыс тораптарының дамуы мен жұмыс жасауында белгіленген тәртіптердің сақталуын тексеру үшін Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволарының жауапты қызметкерлерін тарта отырып уақытша комиссия құруға;

техникалық сараптау жұмыстарына, кеңес алу үшін, сондай-ақ комиссия жұмысына қатынасы бар басқа да мәселелерді шешу мақсатымен ғылыми-зерттеу мекемелерін және оқу орындарын шарт жасасу негізінде жұмысқа тартуға;

комиссия қызметіндегі маңызды мәселелер бойынша мұдделі министрліктер мен ведомстволардың келісімімен тұрақты немесе уақытша негіздегі секциялар құруға.

6. Телекоммуникация жөніндегі комиссияның өз құзыры шегінде қабылдаған шешімдері барлық мемлекеттік органдар, кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер, сондай-ақ меншік нысандары мен ведомстволық бағыныштылығына қарамастан барлық занды тұлғалар мен жеке азаматтарға оның ішінде шетелдіктерге міндетті

болып табылады.

7. Қазақстан Республикасының Телекоммуникация жөніндегі ведомствоаралық мемлекеттік комиссияның комиссия төрағасы - Қазақстан Республикасының Байланыс министрі басқарады. Комиссия құрамына комиссия төрағасының орынбасары, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің, Ұлттық Қауіпсіздік комитетінің, Ішкі істер министрлігінің, Өнеркәсіп министрлігінің, Көлік министрлігінің, Энергетика және отын ресурстары министрлігінің, Экономика министрлігінің, Қаржы министрлігінің, Ғылым және жаңа технологиялар министрлігінің, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеттің, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы "Қазақстан" телерадио хабарын тарату компаниясының және Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының басшы қызметкерлері кіреді.

Телекоммуникация жөніндегі комиссия шешімімен оның құрамына Қазақстан Республикасының басқа да басқару органдарының өкілдері, сондай-ақ телекоммуникация жабдықтарын жобалайтын және пайдаланатын кәсіпорындар мен мекемелердің басшылары (олардың орынбасарлары) кіруі мүмкін.

8. Телекоммуникация жөніндегі комиссия төрағасының орынбасарын Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті тағайындауды. Комиссия мүшелерін оның құрамына кіретін мекемелер ұсынысы бойынша комиссия төрағасы бекітеді.

Телекоммуникация жөніндегі комиссияның өзіне жүктелген міндеттерді атқаратын жұмыс аппараты болады, оның санын Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті белгілейді.

9. Телекоммуникация жөніндегі комиссия мәжілісіне комиссия мүшелерінің жартысынан көбі қатысқанда ғана құқықты деп саналады. Комиссия шешімі ашиқ дауыс беру арқылы қабылданады және ол мәжіліске қатысуышылардың жартысынан көбі дауыс берген жағдайда ғана шешім қабылданады деп саналады. Дауыс беруші комиссия мүшелерінің саны тең болған жағдайда комиссия төрағасының даусы шешуші болып табылады.

Комиссия мәжілісі екі айда бір рет өткізіледі.

10. Қазақстан Республикасының Телекоммуникация жөніндегі ведомствоаралық комиссия төрағасы:

- комиссия жұмысын басқарады және оған жүктелген міндеттердің орындалуына жауап береді;
- белгіленген шекте қызметкерлер санын, еңбек ақы қорын және комиссияның аппарат құрамын бекітеді;
- комиссия аппаратының лауазымдарына қызметкерлерді тағайындауды және жұмыстан босатады.

11. Телекоммуникация жөніндегі комиссия қызметін қаржыландыру республика бюджетінде қарастырылған мемлекеттік басқару органдарын ұстауға жұмсалатын қаржы есебінен жүзеге асырылады. Комиссия аппараты қызметкерлерін қаржылық, әкімшілік-шаруашылық, көліктік және медициналық қызметпен қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының Байланыс министрлігі тарапынан жүзеге асырылады.

12. Телекоммуникация жөніндегі комиссияның Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген қазақ және орыс тілдерінде өз аты жазылған мөрі болады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШІЖҚ РМК